



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2019 жылғы 4 ақпан

2019 жылғы 25 қаңтардан 1 ақпан аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу¹

1 ақпандағы сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** бір АҚШ доллары үшін бір апта ішінде 1,4%-ға әлсіреп (377,46-дан) 382,74 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюталық нарықта 2019 жылғы 25 қаңтардан 1 ақпан аралығында неғұрлым маңызды оқиғалар АҚШ-тың ФРЖ Комитетінің отырысы, оның қорытындысы бойынша реттеуші негізгі мөлшерлемені 2,25-2,5%-дық деңгейде сақтап қалу және мөлшерлемені одан әрі көтеруге барынша «шыдамдылықпен» қарау туралы мәлімдеді, келіссөз барысында тараптар өзара сауда-саттықтағы теңгерімсіздікті азайту туралы келіскен АҚШ пен ҚХР арасындағы келіссөздер өткізу, Ұлыбританияның ЕО-дан шығуы бойынша келісім жобасына Парламенттің түзетулер енгізуі және Брексит талаптарына сәйкес дауыс беруді 13 ақпанға ауыстыру, Венесуэладағы саяси дағдарыс және PdVSA ұлттық мұнай компаниясына қатысты Американың санкциялар енгізуі, Қытайдағы іскерлік белсенділіктің баялауы, жұмыссыздық деңгейінің өсуі, жұмыс орындарын құру қарқыны мен АҚШ-тағы жалақының төмендеуі туралы статистиканы жария ету болды. Аталған факторлар АҚШ доллары бағамының дамыған елдердің валюталарымен салыстырғанда әлсіреуіне әкелді.


Дамушы елдердің валюта бағамдарының² АҚШ долларына қарағанда серпіні мынадай түрде қалыптасты:

- **Бразилия реалы** зейнетақы реформасы туралы заң жобасының және жекешелендіру бойынша жоспарлардың қабылдануын күту аясында 2,9%-ға (3,77-ден 3,66-ға дейін) нығайды;
- **Оңтүстік Африка ранды** сауда балансының өткен айдағы 3,3 млрд рандпен салыстырғанда 17,2 млрд ранд (\$1,3 млрд) рекордты профициті туралы статистиканы жария ету аясында 2,2%-ға (13,62-ден 13,32-ге дейін) нығайды;
- **Түрік лирасы** Түркияның ОБ басшысының күтулерге қарағанда бағалардың барынша жылдам баялауына қарамастан қатаң ақша-кредит саясатын сақтау туралы түсініктемесінің аясында 1,1%-ға (5,27-ден 5,21-ге дейін) нығайды;
- **Индонезия рупиясы** реттеуші бағамға жеткілікті деңгейде баға берілмеуіне байланысты ұлттық валютаның нығаюына жол беретіні туралы ОБ өкілінің түсініктемесінің аясында 1,0%-ға (14 093-тен 13 948-ге дейін) нығайды;



¹ шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздердің негізінде апта сайын дайындайды

² АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары.

- **Ресей рублі** мұнай бағасының өсуі және ФҚО орналастыру бойынша аукциондардың табысты өтуі аясында 0,8%-ға (66,01-ден 65,48-ге дейін) нығайды;
- **Үндістан рупиясы** 3,3%-дық таргетке қарағанда 3,4%-дық деңгейдегі бюджет тапшылығының болжамы аясында 71,17 рупийден 71,26 рупийге дейін біраз әлсіреді;



Дамушы елдер валютасының серпіні (18 қаңтар 2019=100, индекстің өсуі – валютаның нығаюы)



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады:
 +7 (727) 704 585
 e-mail: press@nationalbank.kz
www.nationalbank.kz